



**Автор:** Бакеева Турсынгуль Дошняязовна

**Пән:** Өзін-өзі тану

**Сынып:** 3- сынып

**Бөлім:** Адам болам десеңіз

**Тақырып:** Жомарттық пен кеңпейілділік

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                          |
|-----------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Білімділік: оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділік ұғымдарын мейірімділік қасиеті арқылы түсіндіру; Дамытушылық: оқушыларды айналасындағы адамдарға қайырымды іс жасауға баулу; Тәрбиелік:оқушыларды жомарт , кеңпейіл болуға тәрбиелеу. |
| Сабақтың мақсаты:                             | Оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділіктің адам өміріндегі алатын орнын түсіндіру арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.                                                                                                             |
| Тілдік мақсаттар:                             | Адамдармен сыпайы сөйлесу , өз ойын ашық , батыл айтуға тәрбиелеу                                                                                                                                                                        |
| Күтілетін нәтиже:                             | оқушылардың бойындағы дұрыс әрекет құндылығының жарыққа шығуына ықпал ету                                                                                                                                                                |
| Бағалау критерийлері:                         | оқушылардың құндылық бойынша пікірлері бағаланады                                                                                                                                                                                        |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Дұрыс әрекет құндылығын жарыққа шығару                                                                                                                                                                                                   |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Жағымды көңіл-күй орнату , топпен ән айту бөлімдерінде компьютер қолданылады                                                                                                                                                             |
| Пәнаралық байланыс:                           | қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка , бейнелеу                                                                                                                                                                                          |
| Бастапқы білім:                               | жомарттық , кеңпейілділік ұғымдары туралы түсініктері бар                                                                                                                                                                                |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Ресурстар |
|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Сабақтың басы   | Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |           |
| Сабақтың ортасы | Үй тапсырмасын тексеру:Е.Өтетілеуұлының «Жомарт» әңгімесін мазмұндау және талдау: -Нұрланның кеңпейілділігін қандай іс-әрекетінен білуге болады? -кеңпейілді болудың мәні неде? -жомарт адамды қандай қасиеттерінен тануға болады? -өзіңнің жомарттық көрсеткен кезің болды ма? -қандай қайырымды іс жасадыңдар? -қандай жағдайда кеңпейілділік таныттың?Дәйексөз «Адамның қадірлісі-жомарт кісі» Ж.Баласағұни 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу.<br>Әңгімелеу Қарны аш балаларды тамақтандарған адам туралы әңгілеу және талдау:- тамақтанып отырған адам кімдерді көрді? -ол не істеді? -бұл адамның қандай қасиеттерін байқадыңдар? -өздерің осындай жағдайды кездестірдіңдер ме?Не істедіңдер? -сен қандай жомарттық таныттың? -біреудің қайырымды ісі туралы баяндап бере аласың ба?<br>Шығармашылық жұмыс Топтық жұмыс.Тапсырма:жүректің суретін салып , жомарт адамға тән қасиеттерді жазу.<br>Топпен ән айту Біз өмірдің гүліміз әнін бірге орындау. |           |
| Сабақтың соңы   | Үйге тапсырма: №23 сабаққа 107 беттегі Қ.Толыбаевтың «Менің Отаным» әңгімесін оқып және мазмұндап келу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |           |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                           | Ресурстар |
|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Рефлексия      | Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Әрқашан жомарт , кеңпейілді болайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар! |           |